



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2023 жылғы Қазақстан Республикасы халқының
табиғи қозғалысы

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Халық статистикасы департаменті Халық статистикасы және демографиялық есептеулер басқармасы

S.1.3 Байланысушы адамның есімі

Көпес Ерлан Қанатұлы

S.1.3.1. Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

S.1.5 Байланысушы адамның пошталық мекенжайы

010000, Астана қ., Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс.

S.1.6 Байланысушы адамның электрондық мекенжайы

er.kopes@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланысушы адамның телефоны

+7 7172 749343

S.2 Өзектілік- кіріспе

Халықтың табиғи қозғалысы бойынша статистикалық деректер елдің халқы туралы маңызды ақпаратты береді. Ел халқының саны мен сипаттамалары туралы уақтылы ақпарат алу - әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлау және негізделген шешімдер қабылдау үшін алғышарт болып табылады.

Халықтың табиғи қозғалысы туралы статистикалық деректер және оларды кейіннен талдау мен түсіндіру мақсатты көрсеткіштерді белгілеу және денсаулық сақтау мен халықтың бағдарламаларын жүзеге асыру мониторингін, сондай-ақ өмір сүру деңгейі мен сапасының, туылған кездегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы, нәресте мен бала өлімі сияқты маңызды демографиялық көрсеткіштерін өлшеу үшін әлеуметтік пен экономикалық жоспарлардың орындалуын бақылауды қоса алғанда бағалау маңызды болып табылады.

Кері байланыс Telegram мессенджері, statgovkz_bot аккаунты арқылы, сондай-ақ қолжетімді 1446 бірыңғай нөмірі бойынша Бюроның бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

05.03.2019

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

17.04.2020

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңарту

17.04.2020

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Халықтың табиғи өсімі, тірі туылғандар, өлгендер саны, 1 жасқа дейінгі өлгендер саны, тіркелген некелер мен ажырасулар саны. Табиғи өсім коэффициенті, туудың жалпы коэффициенті, өлімнің жалпы коэффициенті, нәресте өлімінің коэффициенті, неке қию мен ажырасудың жалпы коэффициенттері.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Халықтың табиғи қозғалысы бойынша деректерді қалыптастыру кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ЭАОЖ – Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) АХЖ-10 (МКБ-10) – Аурулар мен денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесі.

S.4.3 Секторлық қамту

Халықтың табиғи қозғалысы туралы статистикалық деректерді қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «АХАЖ» АЖ – дан және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Бекітілген халық тіркелімі» (бұдан әрі- БХТ АЖ): АЖ-дан Ұлттық статистика бюросының «Халықтың статистикалық тіркелімі» ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі-ХСТ АЖ) келіп түсетін туу, қайтыс болу, неке қию/бұзу туралы мәліметтер келесі келісімдер негізінде пайдаланылады:

1)Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «электрондық үкімет» шлюзі арқылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Азаматтық хал актілерін жазу» ақпараттық жүйесімен интеграциялауды іске асыру жөніндегі 2019 жылғы 18 маусымдағы келісім;

2)Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «электрондық үкімет» шлюзі арқылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Бекітілген халық тіркелімі» ақпараттық жүйесімен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін интеграциялауды іске асыру жөніндегі 2021 жылғы 11 маусымдағы келісім.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

1)Халықтың табиғи өсімі - белгілі бір кезеңде тірі туылғандар мен өлгендер санының арасындағы айырмашылығына тең. Халықтың табиғи қозғалысы жөніндегі деректер АХАТ органдарында тіркелген азаматтық хал актілерінің жазулары негізінде жиналады және өңделеді. Туғандар санына тек тірі туғандар енгізілген.

2)Табиғи өсім коэффициенті - туу мен өлімнің жалпы

коэффициенттерінің айырмашылығы.

3) Туудың жалпы коэффициенті - бала туу қарқындылығының барлық халыққа қатынасы бойынша анықталатын көрсеткіш. Кезең бойына тірі туылғандардың жалпы санының халықтың кезеңдік орташа санына

4) Туудың жиынтық коэффициенті туу деңгейінің ең дәл көрсеткіші болып табылады. Осы көрсеткіш есепті жылы жасына қарай туудың қарқындылығы сақталған жағдайда бір әйелдің барлық репродуктивті кезеңінде туатын балаларының орташа санын сипаттайды.

5) Өлімнің жалпы коэффициенті - халық өлімінің қарқындылығын анықтайтын көрсеткіш. Кезең бойына өлгендердің жалпы санының халықтың кезеңдік орташа санына қатынасын көрсетеді. Әдетте 1000

6) Нәресте өлімінің коэффициенті - 1 жасқа дейінгі балалар өлімінің деңгейін анықтайтын көрсеткіш. 1 жасқа дейінгі өлгендер саны тірі туылғандар санына қатынасымен есептеледі. Нәрестелер өлімі коэффициенті 1000 тірі туғандарға есептеледі.

7) Некелер туралы мәліметтер АХАТ органдары жасаған азаматтық хал актілерінің деректерін жыл сайынғы статистикалық өңдеу негізінде алынған. Кестедегі деректер АХАТ органдарында тіркелген неке жағдайларын ғана қамтиды.

8) Ажырасулар (некенің бұзылуы) туралы мәліметтер АХАТ органдары жасаған азаматтық хал актілерінің деректерін, сондай-ақ некенің бұзылуы туралы со шешімдерін жыл сайынғы статистикалық өңдеу негізінде алынған.

9) Неке мен ажырасудың жалпы коэффициенттері халықтың орташа санында күнтізбелік бір кезеңде тиісінше некелескендер және ажырасқандар санының қатынасымен есептеледі.

S.4.5 Статистикалық объект

Қазақстан Республикасының тұрақты халқы.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Іріктемелі зерттеу өткізілмейді

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (елді мекендер, аудандар, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана).

S.4.8 Қамту уақыты

Деректер 1998 жылдан бастап жыл сайынғы негізде қалыптастырылады. 2000-2023 жылдарға динамикалық қатарлар бар.

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептеледі.

S.5 Өлшем бірлігі

Адам және 1000 адамға.

S.6 Есепті кезең

Тоқсан, жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4.Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртібімен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының бұйрығымен бекітілген статистикалық жұмыс жоспары.

5.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми стратегиялық статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы. Оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғау кепілдігі қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидалары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010

жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес. 2024 жылға арналған статистикалық ақпаратты жарияланым күнтізбесі www.stat.gov.kz сайтында / Негізгі / Шығарылымдар бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

2024 жылға арналған ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі www.gov.kz сайтында Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі / Ұлттық статистика бюросы / Басты бет – Пайдаланушыларға / 2024 жылға арналған статистикалық жұмыстар жоспары.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайты Негізгі / Статистика / Әлеуметтік статистика / Демографиялық статистика / Жарияланымдар/ Қазақстан Республикасы халқының табиғи қозғалысы.

S.10 Тарату жиілігі

Тоқсан сайын, жыл сайын

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары шығарылмайды.

S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасы халқының табиғи қозғалысы» статистикалық бюллетені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Интернет ресурсында, Негізгі / Статистика / Әлеуметтік статистика / Демографиялық статистика / Жарияланымдар/ / Қазақстан Республикасы халқының табиғи қозғалысы;

2) «Қазақстанның демографиялық жылнамалығы», «Қазақстан жастары» және «Қазақстанның аға буыны» статистикалық жинақтары Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында, Басты / Жарияланымдар / Жинақтары

3) Негізгі көрсеткіштер және динамикалық кестелер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар

агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында, Басты / Статистика / Әлеуметтік статистика / Демографиялық статистика / Динамикалық қатарлар.

S.11.3 Онлайн деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі / Демографиялық статистика / Халықтың табиғи қозғалысы

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық мақсатта пайдалану үшін ұсыну қағидалары. (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы сайтында www.stat.gov.kz орналасқан).

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген туу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 5 тамызда № 19190 болып тіркелді.

2) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 1 бұйрығымен бекітілген өлім-жітім көрсеткіштерін есептеу әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 қазанда № 17555 болып тіркелді.

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 219 бұйрығымен бекітілген «Неке (ерлі-зайыптылық) және некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу көрсеткіштерін есептеу әдістемесі». Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 қазанда № 14380 болып тіркелді.

Әдіснамалар Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында www.stat.gov.kz Негізгі / Әлеуметтік статистика/ Демографиялық статистика / Әдіснама бөлімінде орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

3) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2 бұйрығымен бекітілген әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Демографиялық статистика бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- әкімшілік көздер ұсынатын көрсеткіштер тізбесінің мониторингі;
- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша және аурулардың статистикалық жіктеуіштері бойынша стандартты статистикалық жіктеуіштерді пайдалану (АХЖ-10);
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (әкімшілік деректермен динамикада).

S.13.2 Сапаны бағалау

Халықтың табиғи қозғалысы статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: ТМД Статкомитеті, ЕЭК, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Сауалнама www.stat.gov.kz сайтында қолжетімді Басты бет / Сауалнама / Пайдаланушылар сауалнамасы



S.14.3 Толықтығы/ RL. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)


S.15.1 Жалпы дәлдік

Халықтың табиғи қозғалысын талдау үшін белгілі бір кезеңдегі жиынтықта оқиғалардың қозғалысын сипаттайтын бірқатар салыстырмалы көрсеткіштер қолданылады.



Халықтың некелесу мен ажырасуының жалпы коэффициенттері

1000 адамға



2010-2023 жылдарға халықтың табиғи өсімінің ең үлкен мәні – (270370 адам) 2022 жылы орын алды. Табиғи өсу коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 13,77 құрады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы халқының табиғи өсімі 257,7 мың адамды құрады. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 12,95 құрады.

2023 жылы 388,4 мың адам дүниеге келді, Жалпы туу коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 19,52 құрады. Аталған жылы қайтыс болғандар саны 130,7 мың адамды құрады, өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 6,57 құрады. 2023 жылы 5 жасқа дейінгі қайтыс болған балалардың саны 3 894 адамды құрады, балалар өлімінің коэффициенті 1000 туғанға 10,03 құрады. 1 жасқа дейін қайтыс болғандар саны 2 998 нәрестені құрады, сәбилер өлімінің коэффициенті – 1000 тірі туғанға 7,67.

Тіркелген некелер саны 120,9 мың некені құрады. Некенің жалпы коэффициенті-1000 тұрғынға шаққанда 6,07. 2023 жылы 40,2 мың ажырасу тіркелді, ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 2,02 құрады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

- S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас
Қолданылмайды
- S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері
- S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі
Қолданылмайды
- S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі
Қолданылмайды
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S. 16.1 Уақыттылық
- S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер
Әкімшілік дереккөздердің ұсыну мерзімінен жарияланымға дейін, нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт 40 күнді құрайды. Нәтижелер бюллетенде жарияланады. Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген.
Халықтың табиғи қозғалысы туралы мәлімет ай сайын есепті кезеңнен кейінгі 40-ші күні қалыптасады, тоқсан сайынғы негізде жарияланады, жылдық деректер түпкілікті болып табылады.
- S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер
Нәтижелер түпкілікті болып табылады
- S.16.2 Ұқыптылық
- S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3
Деректер Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.
Нақты және жоспарлы жариялау мерзімдері сәйкес келеді, 2023 жылы жарияланымдар мерзімінде бұзушылықтар болған жоқ. Жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, жариялау мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.
- S.17 Салыстырмалылық
- S.17.1 Географиялық салыстырмалығы
Деректер өңірлер арасында салғастырымды
- S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша асимметриясы – коэффициент/СС1
Қолданылмайды
- S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2
Қазақстан Республикасы халқының табиғи қозғалысы көрсеткіштері бойынша динамикалық қатарлар 2000 жылдан бастап салыстырмалы және үздіксіз.
- S.18 Келісушілік
- S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Көрсеткішті қалыптастыру әдістемесі 2015 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының «Халықтың табиғи қозғалысын статистикалық есепке алу жүйесіне арналған қағидаттары мен ұсынымдарына» сәйкес келеді.

Денсаулық сақтау министрлігі, Экономикалық зерттеу институты, басқа да ғылыми-зерттеу ұйымдары осы көрсеткішті өз есептеулерінде пайдаланады.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Қолданылмайды

S.19 Жүктеме

АХАЖ АЖ, БХТ АЖ және «е-Статистика» АЖ арасындағы интеграция әкімшілік деректерді жедел және сапалы жинауға мүмкіндік береді және әлеуметтік және демографиялық статистика саласында статистикалық деректерді өндірудің тиімділігін арттырады.

АХАЖ АЖ және СРН АЖ-мен ақпарат алмасу нақты уақыт режимінде («on-line») жүргізіледі.

АХАЖ АЖ және ХСТ АЖ мәліметтері «ХСТ» «ақпараттық жүйесіне келіп түседі. Осыдан кейін туу, өлім, неке және ажырасу жөніндегі қалыптасқан деректер базасы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығына беріледі, онда ағымдағы жылға республикалық деңгейде логикалық және арифметикалық бақылау, деректерді редакциялау, өңдеу және Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес кестелерді шығару жүргізіледі. Содан кейін қалыптасқан кестелер Ұлттық статистика бюросына беріліп, онда талдау, бекіту және тарату іске асады.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты 2009 жылдан 2023 жылға дейін халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері қайта есептелді.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

АХАЖ АЖ және ХСТ АЖ деректері.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Ай сайын

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Әкімшілік дереккөздердің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы нақты уақыт режимінде.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Қалыптастырылған мәліметтер базасының толықтығы мен сапасын бақылау.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Халықтың табиғи қозғалысы туралы деректер азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында оқиғаларды кеш тіркеуді ескере отырып нақтыланады

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды

S.22 Ескерту

Бұдан әрі деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру.